ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІК

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

« ҚҰРЫЛЫС »

Фактический адрес: г. Шымкент жилой массив Тассай, квартал 226,026,
Факс: (8-7252) 57-14-10, тел. 51-84-91, , эл/ почта «kyrilis@mail.ru»
Филиал АО «Нурбанк» г.Шымкент ИИК KZ9384906KZ005444799,
БИК NURSKZKX, БИН 971040001368, код №17

исх.№____ **«____» _____ 2019 г.**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі комитетінің басшысына

Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының электрондық сатып алулар бойынша электрондық конкурс өткізуіне

ШАҒЫМ

2019 жылы 29 наурыз айында **Түркістан облысы Қазығұрт ауылындағы, Қонаев көшесі 183 «Санаторий типтес №11 арнаулы мектеп – интернаты» КММ ғимаратын күрделі жөндеу,** ұйымдастырушы Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы мемлекеттік сатып алудың конкурстық комиссиясы мемлекеттік веб-порталында **№3077220-ОК1** қорытындылар туралы хаттамасын жариялады. Аталған конкурстың, жұмыстардың көрсетілетін қызметтердің атауы Тұрғын емес тұрғындарды жөндеу бойынша жұмыстар ғимараттар / ғимараттар / үй-жайлар салу бойынша жұмыстар болып табылады және де 24.08.2018 жылы №КСК-0032/18 санды сараптамалық қорытындының 7.1. бөлімінде әзірленушімен жұмыс жобасы техникалық жағынан күрделілерге жатпайтын жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі объектілер болып белгіленген.

Қорытындылар туралы хаттамасы бойынша конкурстық комиссясы «Құрылыс» ЖШС-ның Біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс тәжірибесіне 5,2 балл көрсетіп, 2 жыл есептеп жұмыс тәжірибесі жеткіліксіз деген себеппен тапсырысын есепке алмай отыр.

Біз, яғни «Құрылыс» ЖШС-ы аталған уәждермен мүлдем келіспейміз. Себебі, «Құрылыс» ЖШС-ның біліктілігі туралы мәліметінде 12,2 балл яғни, 9,2 жылдық жұмыс тәжірибесі бар екендігіне сенімдіміз. Атап айтатын болсақ;

- ОҚО, Бәйдібек ауданы 300 оқушыға арналған Майбұлақ мектебінің құрылыс жұмыстары жүргізілген 25.08.2009 жылы №8 санды қабылдау актісінде көрсетілген (1 балл).
- Түркістан қаласындағы балалар ауруханасын жоспарлау, көгалдандыру және көгалдандыруды қоса алғанда күрделі жөндеу, 04.12.2019 жылы нөмерсіз қабылдау актісінде көрсетілген (0,2 балл).
- ОҚО Созақ ауданы Шолаққорған ауылында Т.Алімқұлов атындағы №14 лицей-интернатының күрделі жөндеуі, 01.09.2019 жылы нөмерсіз қабылау актісінде көрсетілген (0,2 балл).
- Шымкент қаласы, Самал-2 м/а, 2 қабатты монша, кафе, тұрмыстық қызмет кешенінің құрылыс жұмыстары жүргізілген 02.08.2011 жылғы №79 санды қабылдау актісінде көрсетілген (1 балл).

- Шымкен қаласы, Рыскулова көш, тұрмыстық қызмет және 5 қабатты 90 орындық қонақ үй кешенінің құрылыс жұмыстары жүргізілген 22.11.2012 жылғы №658 санды қабылдау актісінде көрсетілген (1 балл).
- ОҚО, Қазығұрт ауданы, Алтынтөбе а/о, 300 оқушыға арналған Алтынтөбе мектебінің құрылыс жұмыстары 09.07.2013 жылғы №2 санды қабылдау актісінде көрсетілген (1 балл).
- Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Жібек жолы көшесінде 5 қабатты 108 орындық «Жібек жолы» қонақ үйінің құрылыс жұмыстары жүргізілген 05.06.2015 жылғы №151 санды қабылдау актісінде көрсетілген (1 бал).
- ОҚО, Қазығұрт ауданы, Қақпақ а/о, 300 оқушыға арналған мектебінің құрылыс жұмыстары 29.07.2016 жылғы №7 санды қабылдау актісінде көрсетілген (1 балл).
- ОҚО, Бәйдібек ауданы, Бөген ауылы, 070 кварталы, №718 учаскесінде ЖҚС мен 3 қабатты 54 орындық қонақ үй кешенінің құрылыс жұмыстары 30.12.2016 жылғы №34 санды қабылдау актісінде көрсетілген (0,2 балл).
- Шымкент қаласындағы ӘІО көп қабатты 11 көппәтерлі тұрғын үйге сілтеме жасайтын 9 қабатты темірбетонды тұрғын үй ғимаратын салу құрылыс жұмыстары 29.09.2017 жылғы №34 санды қабылдау актісінде көрсетілген (1 балл).
- Шымкент қаласы, Таскен т/а, №103 мектебіне 600 орындық жаңа оқу блогының құрылыс жұмыстары 31.05.2018 жылғы №30 санды қабылдау актісінде көрсетілген (1 балл).
- Шымкент қаласы, Сайрам т/а, №112 мектебіне 300 орындық оқу блоктарының (спорттық зал, асхана, шеберхана, кітапхана, әкімшілік ғимараты) құрылыс жұмыстары 29.08.2018 жылғы №68 санды қабылдау актісінде көрсетілген (0,2 бал).
- Шымкент қаласы, Тассай т/а, 226 кварталы, №026 учаскесінде 3 қабатты әкімшілік ғимараттың құрылысы 04.04.2018 жылғы №119 санды қабылдау актісінде көрсетілген (0,2 балл).
- Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Шақпақ ауылында ЖҚБ, ТКБ мен 58 орындық қонақ үй кешенінің құрылыс жұмыстары 16.11.2018 жылғы №554 санды қабылдау актісінде көрсетілген (0,2 балл).

Біліктілік туралы мәліметтің ескертуінің 8 тармағында Егер конкурстың нысанасы **күрделі жөндеу** болып табылған жағдайда, онда **жаңа объектілерді салу, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және қолданыста бар объектілерді реконструкциялау және күрделі жөндеу** жұмысының тәжірибесі ескеріледі делінген.

Сонымен қатар, құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесі құрылыс объектілерінің **функционалдық мақсаты** мен **салалық тиесілілігіне** (құрылыс түрлері бойынша бұдан бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе сәйкестігі) және Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған олардың **техникалық күрделілігіне** сүйене отырып есептеледі.

Осы ескертудің 10 тармағында **Әлеуетті өнім берушінің құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесін (құрылыс-монтаждау жұмыстары мен жобалау) есептеу кезінде**:

1) ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейі (бірінші – жоғары, екінші – қалыпты, үшінші – төмендетілген) есептеледі.

Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) ғимарат пен құрылыс болып табылған жағдайда, тек жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі екінші (қалыпты) ғимарат пен құрылыс болып табылған жағдайда, жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) және екінші (қалыпты) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі үшінші (төмендетілген) ғимарат пен құрылыс болып табылған жағдайда, жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары), екінші

(қалыпты) және үшінші (төмендетілген) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі;

2) **объектілердің техникалық жағынан күрделілігі** (техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылыстар және техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар).

Егер конкурс нысанасы техникалық жағынан күрделі объектілер (кешендер) болып табылған жағдайда, тек техникалық жағынан күрделі объектілердің (кешендердің) жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер конкурс нысанасы техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар болып табылған жағдайда, техникалық жағынан күрделі объектілердің (кешендердің) және техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі;

3) **функционалдық мақсаты** (өнеркәсіп объектілері, өндіріс ғимараттары, құрылыстар, **тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер**, өзге де құрылыстар);

4) **бұрын орындалған жұмыстар конкурс нысанасымен** "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Заң) **Бірінші санаттағы рұқсаттардың (лицензиялардың)** Тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің бір түрінде болған жағдайда, олардың ұқсастығы немесе сәйкестігі ескеріледі.

Бұнымен қоса тапсырыс берушінің жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің бірлескен отырысы құрылыс индустриясында мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру бойынша жұмыс тәжірибесін есептеу бойынша келісілген ұстанымды әзірлеу туралы 22.05.2018 жылғы хаттаманың 2 бөлігінде ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілігінің деңгейін өзгерткен жағдайда, объектілердің техникалық күрделілігі (нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер), **жұмыс тәжірибесі мен конкурстық рәсімдерді өткізу кезінде қолданылатын ережелердің талаптарын ескере отырып есептеу қажет** делінген. Яғни, 28.02.2015 жылғы №165 санды Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы ережелерімен жүргізіледі.

- жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерге:

геологиялық жағдайлары қалыпты аудандар үшін биіктігі **6 қабаттан 25 қабатқа дейінгі тұрғын үй** және көп функционалды ғимараттар, **сондай-ақ биіктігі 3 қабаттан 25 қабатқа дейінгі әкімшілік-тұрмыстық**, қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар;

сейсмикалық белсенділігі жоғары (7 және одан астам балл) немесе құрылыс салған кезде арнайы техникалық шешімдерді және іс-шараларды талап ететін өзге де геологиялық (гидрогеологиялық және геотехникалық) жағдайлары ерекше аудандардағы биіктігі 6 қабаттан 12 қабатқа дейінгі тұрғын үй және көп функционалды ғимараттар, сондай-ақ биіктігі 12 қабатқа дейінгі әкімшілік-тұрмыстық, қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар;

бір мезгілде (сыйымдылығы) 150-ден 500-ге дейін адам (қоса алғанда) бара алатын спорттық-ойын-сауық, жабық ғибадат ғимараттары немесе ашық құрылыстар;

бір мезгілде (сыйымдылығы) 800-ден 1200-ге дейін адам (қоса алғанда) бара алатын сауда-ойын-сауық объектілері;

сыйымдылығы **50 орыннан асатын қонақ үй кешендері** (мотельдер, туристік базалар);

мектепке дейінгі балалар мекемелерінің ғимараттары;

оқушылар саны **600 астам орта мектеп** (гимназиялар, лицейлер) ғимараттары (қоса алғанда);

сыйымдылығы 50 баладан асатын мектеп-интернаттарының жатын корпустарының, балаларға арналған демалу лагерлерінің ғимараттары;

ауысымына 50-ден 480-ге дейін адам (қоса алғанда) қабылдайтын стационары жоқ денсаулық сақтау объектілері;

50-ден 200-ге дейін жұмыс орны бар тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының ғимараттары;

геологиялық жағдайлары қалыпты аудандар үшін өрт сөндіру депосы кешендері;

бір мезгілде 10 бірліктен астам көлік құралдарына қызмет көрсететін автосервис пункттері (шеберханалар), сондай-ақ жер үстіндегі биіктігі 5 қабаттан асатын, жер астындағы биіктігі 2 қабаттан асатын жерүсті немесе жерасты гараж-тұрақтар;

травматологиялық және хирургиялық бөлімдері бар ауруханалардың ғимараттары, сондай-ақ 50 және одан кем төсек орынға арналған стационарлар;

- техникалық жағынан күрделілерге жатпайтын жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерге:

геологиялық (гидрогеологиялық және инженерлі) және сейсмикалық жағдайларға қарамастан, жер үстіндегі биіктігі **5 қабатқа дейінгі** (қоса алғанда) (үстіңгі техникалық қабатты қоспағанда) **тұрғын үйлер**;

келушілерді (көрермендер, клиенттер, науқастар, жолаушылар, сатып алушылар, қонақүйде тұратындар және тағы сол сияқты), сондай-ақ оларға қызмет көрсетуші қызметкерлер мен персоналды қоса алғанда, **ішкі үй-жайларында бір мезгілде 50 адам дейін болатын**, жер үстіндегі биіктігі **2 қабатқа дейінгі (үстіңгі техникалық қабатты қоспағанда) геологиялық жағдайлары қалыпты аудандарға арналған әкімшілік-тұрмыстық**, қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар;

жоғары және орта арнайы оқу орындарының ғимараттары;

сыйымдылығы 600 оқушыдан аз жалпы білім беру мектептерінің (гимназиялар, лицейлер) ғимараттары;

бір мезгілде 10 бірлікке дейін (қоса алғанда) көлік құралдарына қызмет көрсететін автосервис пункттері (шеберханалар), сондай-ақ жер үстіндегі биіктігі 5 қабатқа дейін (қоса алғанда), жер астындағы биіктігі 2 қабатқа дейін (қоса алғанда) жерүсті немесе жерасты гараждар-тұрақтары;

вахталық кенттердің 3 жерүсті қабатына дейін тұрғын ғимараттары мен әлеуметтік-мәдени-тұрмыстық объектілер;

Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 47 бабы Тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасай алады делінген.

Осы заңның 18 бабы 1 тармағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылауды "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады.

Әрі қарай, осы заңның 47 бабы 1 тармағында 1. Егер тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, әлеуетті өнім беруші олардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасауға құқылы.

Жоғарыда аталған мәліметтер негізінде сізден

- **Конкурстық комиссиясының шешімінің заңдылығын және жоғарыда көрсетілген конкурстың қорытындылары туралы хаттаманы жедел тексеруді;**
- **29.03.2019 жылғы №3077220-ОК1 санды қорытынды хаттамада «Құрылыс» ЖШС-ның ұсынылған құжаттарын, конкурстық құжаттаманың талаптарына сай деп танып 12,2 балын есептеуді.**

Осы шағымды заңнамада белгіленген тәртіппен қарап сұраймын, әйтпесе өзіңіздің әрекеттеріңізді (әрекетсіздіктеріңізді) жоғары тұрған органдарға, сот органдарына және прокуратураға шағымдану құқығын қалдырамын.

«Құрылыс» ЖШС-ның
директоры **Тұрлыбек Қ.А.**